

**2012 жылы он жеті жасқа толатын ерекк жынысты азаматтарды Арыс қаласының шақыру учаскесіне тіркеуді үйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

### ***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 16 қантардағы № 02 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 25 қантарда № 14-2-122 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімінің 2012 жылғы 2 шілдедегі № 20 Шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімінің 2012.07.02 № 20 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 33-бабы 1-тармағының 13-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабына сәйкес Арыс қаласының әкімі **ШЕШТІ**:

1. 2012 жылы он жеті жасқа толатын ерекк жынысты азаматтарды Арыс қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеу 2012 жылдың қантар-наурызында үйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Ауылдық округтердің әкімдері Арыс қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу кезеңінде шақырылуышыларды хабардар етуді үйымдастырысын және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

3. Меншік нысандарына қарамастан кәсіпорын, мекеме, үйым және оку орындары басшыларына ұсынылсын:

1) тіркелуге жататын азаматтарды ауданның шақыру учаскесіне шақыру жөнінде хабарлау және шақыру бойынша уақытында келуін қамтамасыз ету;

2) әскерге шақыру жасына дейінгілерді әскери есепке қоюға байланысты міндептерді орындау үшін қажетті уақытқа жұмыс орны мен атқаратын қызметі сақтала отырып, жұмыстан (окудан) босату.

4. "Арыс аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу ережелерінде айқындалған тәртіппен медициналық комиссиядан өткізу ұсынылсын.

5. "Арыс ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) 2012 жылдың 1 сәуірінен кейін дәлелді себептерсіз әскери есепке қоюдан жалтарған әскерге шақыру жасына дейінгілерді іздестіруді және ұстауды жүзеге асыру ұсынылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ділдәбековке жүктелсін.

7. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ.Сыдықов

КЕЛІСІЛДІ:

"Арыс қаласының қорғаныс істері  
жөніндегі біріктірілген бөлімі"  
мемлекеттік мекемесі бастығының  
міндетін атқарушы

Исаев Бағдатхан Төребайұлы

16 қаңтар 2012 жыл

"Арыс ауданының ішкі істер  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
бастығы

Битурсынов Бахадур Шәмшидинұлы

16 қаңтар 2012 жыл

"Арыс аудандық емханасы"  
мемлекеттік коммуналдық  
қазыналық қәсіпорнының  
бас дәрігері

Серікбаев Марат Қойбағарұлы

16 қаңтар 2012 жыл